

**Жергілікті атқарушы органдардың 2024-2026 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 14 ақпандағы № 48 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 164-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған жергілікті атқарушы органдардың 2024-2026 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мүдделі тұлғалардың назарына жеткізсін;

2) осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Премьер-Министрінің орынбасары –*

*Ұлттық экономика министрі*

*Н. Байбазаров*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

2024 жылғы "02" ақпандағы

№ 005-ДГ/3904

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары –

Ұлттық экономика министрінің



14	Солтүстік Қазақстан облысы	81 646 917	76 822 494	86 975 584	82 151 161	87 962 185	83 137 762
15	Түркістан облысы	579 107 639	524 725 749	634 569 101	580 187 211	638 707 806	584 325 916
16	Ұлытау облысы	27 716 177	27 716 177	30 613 425	30 613 425	31 552 670	31 552 670
17	Шығыс Қазақстан облысы	81 909 465	72 715 946	89 203 592	80 010 072	90 962 418	81 768 898
18	Алматы қаласы	589 324 440	573 324 814	637 451 116	621 451 490	669 323 672	653 324 045
19	Астана қаласы	361 038 138	302 812 282	395 168 294	336 942 437	414 926 708	356 700 852
20	Шымкент қаласы	255 578 777	165 335 760	285 432 129	195 189 113	293 423 761	203 180 744
	Жиыны:	3 261 316 520	2 860 932 683	3 544 775 604	3 144 391 767	3 643 949 541	3 243 565 704

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;

МЖӘ ММ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер.